

«2022-2023 оқу жылының қысқы сессия қорытындылары туралы» бойынша
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС ҚАУЛЫСЫ

Талдықорған қ.

26.01.2023 ж.

«2022-2023 оқу жылының қысқы сессия қорытындылары туралы» ақпарат тыңдалып, келесідей тұжырымдамалар жасалды:

– Бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша күндізгі және жеделдетілген күндізгі оқу нысандары студенттерінің қысқы емтихан сессиясы университеттің білім беру бағдарламаларының академиялық күнтізбелеріне сәйкес белгіленген мерзімде өтті.

– Күндізгі нысандағы 1-4 курс білім алушыларының жалпы саны - 3807. Оның ішінде 3585 студент барлық пәндер бойынша сессияны сәтті тапсырды; 13 студент шетелде академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша оқиды; 209 студент академиялық кезеңде оқу бағдарламасын орындамады; оның ішінде 115 студент қорытынды аралық рейтинг бойынша жіберілмеді; 94 білім алушы «F-қанағаттанарлықсыз» (қайта тапсыру құқығынсыз) бағасын алды;

– Абсолютті үлгерім 93% құрады; білім сапасы – 66%.

– ТЖКБ және ВО негізінде ҚБТ бойынша оқитын студенттердің емтихан сессиясына 1-3 курстың 550 студенті қатысты.

– Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша 432 адам оқиды. Ғылыми-педагогикалық бағыты бойынша магистратурада білім сапасы – 81%; докторантурада – 100%.

«2022-2023 оқу жылының қысқы сессия қорытындылары туралы» есепті талқылай келе, Ғылыми кеңес қаулы етеді:

1. Білім берудің барлық нысандары мен деңгейлеріндегі білімгерлермен Академиялық адалдық қағидаттарын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізу (жауаптылар – Жоғары мектеп декандары, Әлеуметтік-шығармашылық жұмыс жөніндегі бөлім; орындалу уақыты – жыл бойы);

2. Білім алушылардың емтихан сессиясына уақтылы келуін қамтамасыз ету (жауапты – Жоғары мектеп декандары; орындалу уақыты – БББ академиялық күнтізбелеріне сәйкес);

3. Емтихандардың барлық нысандары бойынша емтихан материалын әзірлеу сапасына бақылау жүргізу (жауапты – Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия; орындалу уақыты – 15.04.2023 ж.);

4. Университеттің ПОҚ үшін бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша білім алушылардың білімін критериалды бағалау жүйелері бойынша оқыту семинарларын өткізу (жауапты – академиялық мәселелер жөніндегі департамент; орындалу уақыты – 2023 ж. ақпан-сәуір айларында).

Ғылыми Кеңес қаулысы орындалуын бақылау академиялық мәселелер жөніндегі проректор Б.Р. Таубаевқа жүктелсін

Ғылыми Кеңес төрағасы

Ғалым хатшы



Қ.М. Баймырзаев

Н.К. Байгабатова

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС КАУЛЫСЫ

«26» қаңтар 2023 ж.

- 2022–2023 оқу жылында жоғары мектептің білім беру бағдармаларында барлығы 1076 білімгерлер мен магистранттар білім алуда. Бакалавриатта 1030 білімгер, оның ішінде: 149 ҚР білім гранты, 173 ЖАО гранты, ҚХ гранты 11, ақылы 697 және 46 магистрант, оның 4 ҚР білім гранты негізінде оқиды;

- есепті кезеңде жоғары мектептің жан-жақты қызметі жоспарларға сәйкес жүзеге асырылуда.

1) Жоғары мектеп қызметінің ғылыми зерттеу жұмысының сапасын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің базасына кіретін журналдарда мақала жариялау санын арттыру (жауаптылар – деканның ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары; орындалу уақыты – 01.12.2023 ж.).

2) Білімгерлердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру, халықаралық және республикалық деңгейлердегі жүлделі орындардың үлесін арттыру (жауаптылар – ДШЖӨЖМ деканы, деканның ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары; орындалу уақыты – 20.12.2023 ж.).

3) Жоғары мектеп қызметінің ғылыми зерттеу жұмысының сапасын дамыту мақсатында ғылыми жобаларды және профессор-оқытушылар құрамымен білімгерлердің инновациялық идеялармен Startup жобалар байқауларына қатысу жұмысын жандандыру (жауаптылар – ДШЖӨЖМ деканы; орындалу уақыты – 01.12.2023 ж.).

4) Дене шынықтыру және өнер жоғары мектебі бойынша профессор-оқытушылар құрамымен мен білімгерлердің академиялық ұтқырлық бағдарламасына қатысуын арттыру бойынша жұмыс жүргізу (жауаптылар – оқу-ісі жөніндегі үйлестіруші, ДШЖӨЖМ БББ жетекшілері; орындалу уақыты – 27.12.2023 ж.).

5) Музыкалық білім және Көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламалары бойынша талапкерлер санын арттыру мақсатында мансап және жұмысқа орналастыру орталығымен бірлесіп қала, облыс мектептері мен колледждерінде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру (жауаптылар – ДШЖӨЖМ деканы, Шығармашылық БББ жетекшісі, МЖОО директоры, орындалу уақыты – 01.06.2023 ж.).

Ғылыми Кеңес төрағасы

Қ.М. Баймырзаев

